


МЕКТЕПТЕРГІ



Республикалық
ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал

КІТАПХАНА



БИБЛИОТЕКА

Республиканский
научно-методический
педагогический журнал

В ШКОЛЕ



«КІТАПТЫ СҮЮШІЛЕРДІҢ БӘСЕКЕСІ»

Кітапханалық сабақ

ИСМУРЗИНА Р.,

№ 3 кітапхана бөлімшесінің кітапханашысы.

Кітап, білім жайлы халық даналықтары:

Кітап — алтын қазына.

Күш білімде, білім кітапта.

Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.

Оқу — білім бұлағы, білім — өмір шырағы.

6-7-сынып оқушылары үшін өткізілген кітапханалық сабақтың мақсаты: оқушылардың кітап, оның шығу және қалыптасу тарихы жайлы түсініктерін, ақпараттық, кітапханалық-библиографиялық білімдерін әрі қарай толықтыру, кітапты ұқыпты ұстау және кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, жазушылар жайлы кеңірек мағлұмат білуге ықпал ету болып табылады.

Қатысушылар: 1. **Ұлы Мәртебелі Кітап** (Ол өзінің арнайы тағында отырып, серілердің тағдырын шешеді),

2. **Ұлы Мәртебелі Кітаптың уәзірлері** (яғни, әділқазылар алқасы)

3. **«Кітапты сүйші»** атағын жеңіп алуға тілек білдіргендер.

4. **Жүргізуші** (кітапханашы).

5. **Көрермендер** (мектеп оқушылары).

Шараның жүру тәртібі:

1. Қатысамын деушілерді анықтау.

2. Қатысамын деушілерге үйге тапсырма: өздеріне сері атын ойлап табу және белгілі бір кітапқа немесе бірнеше кітаптарға эмблема жасап әкелу.

Бәсекенің өту барысы:

Жүргізушінің сөзі: Сіздер білесіздер, серілер өздерінің жүректерін сүйген адамдарына арнаған, сіздердің араларыңызда өздерінің жүректерін **Ұлы Мәртебелі Кітапқа** арнайтындар табылады. Жүректерін арнау дегенді қалай түсінуге болады: ол үшін кітаптың «өмірбаянын» біліп, кітап айдынынан өзіне қажетті кітапты тез тауып, кітаптың «ауруын» біліп, кітапты күтіп ұстауы қажет. Бізге «Кітапты Сүйші» болғысы келгендерден сұраныс түсті, **Ұлы Мәртебелі Кітаптың**

алдында сайысқа түссіздер. Өз сүйіктісін тандап алу үшін, кітапқа уәзірлері көмектеседі (*әділқазыларды таныстыру*). Бәсекенің шарты бойынша сұраққа жауап бере алмаған әлсіздер әр белес сайын сайыстан шығып отырады, ең соңында мықты сайыскер қалады.

Бәсекенің шарты бойынша қатысушы өзін таныстырады, өзіне тән белгісін (эмблема) көрсетеді, серілер қатарына өтетін өленін оқиды.

Бәсекенің бірінші белесі. Кітаптың шығу тарихы. адамзат қағаз ойлап тапқанша жазу үшін қандай заттарды пайдаланды, алғашқы әліпбиді ойлап тапқан адам, қазақ әліпбиінің атасы кім, қай ғасырда қағазды ойлап тапты, алғашқы баспа қалыбын қай ғасырда, кім ойлап тапты, Кітап апталығы қашан тойланады т.б. сұрақтар төңірегінде болады.

Екінші белес: **«Кітаптың ата-аналары»** Бұл белесте кітапты жазатын жазушылар мен ақындар жайлы мәліметтерді білулеріңіз керек. Мысалы, қазақ жазушыларының арасында фамилиялары, аттары бірдей қандай ақын-жазушыларды, өнер, қоғам қайраткерлерін білесің, ең көп шығарма жазып қалдырған жазушылар, біздің өлкемізден шыққан қандай жазушыларды, қандай ақындарды білесің, біздің өлкеміз жайлы шығарма жазған жазушылар кімдер, өз өмірінің деректерін шығармаларына арқау еткен қандай жазушыларды, өнер адамдарын білесің?

Үшінші белес. «Кітаптың құрылысы».

Бұл белесте кітаптың құрылысы жайлы: кітаптың мұқабасы, кіріспе, соңғы сөз, кітаптың шрифті т.б. Олардың атқаратын ролі жайлы.

Төртінші белес. «Кітап, білім, жазу жайлы халық даналығы». Осы тақырып бойынша ең көп мақал-мәтел айтқан бала келесі белеске өтеді.

Бесінші белес. «Кітап іздестіру». Электрондық каталогтен өзіне қажетті ақпаратты тез табуы қажет.

Алтыншы белес. «Кітапқа алғашқы көмек». Бұнда жыртылған кітапты тез арада түптеп шығу керек. Кім бұрын түптеп болады, сол келесі белеске өтеді.

Сайыстың соңында **Кітапты сүйшілердің** қатарына қабылдау салтанаты болады, онда **Ұлы Мәртебелі Кітап** ханшасы (ханы) жеңген оқушыға Алғыс хат



тапсырып, кітап сыйлайды және сері болған оқушы өмір-бақи кітапқа адал болатыны жөнінде ант береді.

Бәсекеге қатысушыларға қойылатын сұрақтар:

Бәсекенің бірінші белесінің шарты бойынша кітаптың және кітапхананың шығу тарихы бойынша бәсеке болады. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер, әрқайсына екі сұрақтан.

1. Кітаптардың алғашқы түрлері қай жерлерде пайда болған? (Мысырда, Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде)

2. Жазу қайда жазылған және жазуға қандай заттарды пайдаланған? (қыш текшелерге, такта тастарға сына жазуымен, папирус)

3. Қамысқа кітап жазу қай елде, қай ғасырда пайда болды? (б.з.б. 7 ғасырда, Грекияда)

4. Кітап қай ғасырда дүниеге келді? (б.з. 1-ғасырында)

5. Қағазды қай уақытта, кім ойлап тапты? (105 ж. Қытай шебері Цай Лунь)

6. Баспа калыбын қай уақытта, кім ойлап тапты? (15 ғ-да неміс өнерталқышы Иоганн Гутенберг)

7. Ежелгі Қазақстанда жазу қалай пайда болды? Ол жазуларды қалай атаған? (жартастарда, үнгірлерде, ыдыстарды пайдаланған. Оларды «петроглифтер» деп атаған).

8. Қазақстанның қай жерлерінде «петроглифтер» - жартастағы суреттер табылған? (Қапшағай манайындағы Қаратау тауларында Арпаөзен шатқалдарынан ең үлкен жартастағы суреттер табылған)

9. Шығыс Қазақстанның қай өңірінен «петроглифтер» табылды. (Шығыс Қазақстан өңірінің Ұлан ауданы Бестерек ауылының манайынан)

10. Әліпбиді кім ойлап тапқан? (Кирилл және Мифодий)

11. Әліпби қалай аталған? (кириллица)

12. Қазақ әліпбиінің негізін қалаушы кім? (Ахмет Байтұрсынов)

13. Ежелгі кітапханалардан қай кітапханаларды атауға болады? (Грозный, Александрия, Македонский, Ярослав Мудрый, Ассириялық патша Пергал, храм және монастырь кітапханалары)

14. Қазақстан территориясында қандай ежелгі кітапхана болған? (Отырар кітапханасы)

15. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы қай жылы ашылды? (1931 ж.)

16. Өскемен қаласында кітапхана қай жылы

ашылды және ол қазіргі қай кітапхана? (1896 жылы 20 наурызда ссылкадағы Михаэлис, Костюрин, Федоровтың бастамасымен қоғамдық кітапхана ашылды. Кітапхана халық үйінде орналасты. Қазіргі Жамбыл атындағы театр. Бүгінде облыстық Пушкин атындағы кітапхана)

Екінші белестің сұрақтары:

1. **Фамилиялары бірдей қандай казак акын, жазушыларын, қоғам қайраткерлерін білесің?** (Тұманбай Молдағалиев, Жұбан Молдағалиев, Жайсаңбек Молдағалиев, Қасым Аманжолов, Сәрсен Аманжолов, Асқар Сүлейменов, Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, Берік Шаханов)

2. **Аттары бірдей қандай жазушыларды білесің?** (Мұхтар Әуезов, Мұхтар Мағауин, Мұхтар Шаханов, Мұхтар Құрманалин, Сәбит Мұқанов, Сәбит Досанов, Сәбит Дөнентаев).

3. **Ең көп шығарма жазып қалдырған қандай жазушыларды білесің?** (Мұхтар Әуезов елу томдық, Әбіш Кекілбаев 12 томдық, Қабдеш Жұмаділов 12 томдық, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқановтар)

4. **Шығыс Қазақстанның қандай акын, жазушыларын білесің?** (Оралхан Бөкей, Дидахмет Әшімханов, Қаликан Ыскак, Кәдірбек Сегізбаев, Асқар Егеубаев, Серік Ғабдуллин, Мүсілім Құмарбеков, Асқар Алтай, Әлібек Асқар, Гүлнәр Салықбаева, Қасым Қайсенов, Ұлықбек Есдәулетов, Ғалым Байбатыров, Әлібек Қантарбаев, Ғаббас Қабышев, Марат Қабанбаев т. б.)

5. **Біздің өлкеміз жайлы шығарма жазған жазушылар кімдер?** (Оралхан Бөкей, Асқар Алтай, Серік Байхон, Мүсілім Құмарбеков, Жұмағазы Игісін, Меңғали Мусин, Елтай Елғон, Айтмұхамбет Қасымұлы, Зейнолла Қайсенов т. б.)

6. **Өз өмірлерінің деректерін шығармаларына арқау қылған жазушыларды ата.** (Сәкен Сейфуллин, Бердібек Соқпақбаев)

7. **Қандай балалар акын, жазушыларын білесің?** (Бердібек Соқпақбаев, Марат Қабанбаев, Өтебай Тұрманжанов, Бәдел Тұрсынбаев, Машқар Гумеров, Тауық Рымжанов, Мұхтар Құрманалин, Тынымбай Нұрмағамбетов, Құрманбай Толыбаев т. б.)

8. **Шығысқазақстандық қандай балалар жазушыларын білесің?** (Марат Қабанбаев, Тауық Рымжанов, Бәдел Тұрсынбаев)

9. **Қай балалар жазушысының шығармасы**



бойынша кинофильм түсірілді? (Б.Сокпақбаев «Менін атым Кожа»)

10. М.Әуезовтың жыртқыш аң туралы жазған шығармасы? («Көксерек»)

11. М.Әуезовтың қандай шығармалары бойынша кинофильм түсірілді? («Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксерек»)

Бәсекенің үшінші белесі.

Бұл белесте кітаптың құрылысы жайлы сұрақтар болады.

Сұрақтар:

1. Кітап қай элементтен басталады? (суперкап, мұқаба)

2. Форзац деп кітаптың қай жерін атаймыз? (Сол жақта переплет асты, оң жақта кітаптың бірінші беті. Форзац ақ немесе боялған болуы мүмкін)

3. Кітаптың келесі құрылысы қалай аталады? (Сол жағында фронтиспис, оң жағында титул беті, фронтиспис-иллюстрация, бұл кітап мазмұны жайлы ең негізгі мәлімет. Бұнда автор, оның портреті болуы мүмкін.)

4. Титул бет арқылы не білуге болады? (Кітаптың авторы, кітаптың аты, қай жылы, қай баспадан шыққаны, аудармашысы, не суретшісі болса ол туралы мәліметтер болады).

5. Суперкаптың атқаратын ролі? (Оқырманның көңілін аударарды, бүлінуден сақтайды, автордың көзқарасын, ішкі ойын білдіреді)

6. Кітаптың алғы сөзі арқылы не білуге болады? (Кітаптың қысқаша мазмұнын білуге болады.)

7. Кітаптың мазмұны қандай бөлімдерге бөлінеді? (Параграфтардан тұрады, оларды римше, не үлкен, кіші әріптермен бөлуге болады.)

8. Кітап кім үшін жазылады? (Оқырман үшін)

9. Кітапханада оқырман туралы мәліметті, оның қандай кітап алғанын қайдан білеміз? (Оқырман формуляры арқылы)

10. Кітапхананың қай бөлімінде кітап үйге беріледі? (Абонемент)

11. Кітаптың суреттері қалай аталады? (Иллюстрация)

12. Кітап оқығанда нені пайдаланамыз? (Қыстырма қағаз)

Төртінші белес. «Кітап, білім, жазу жайлы халық даналығы»

1. Оқу – білім бұлағы.

Білім – өмір шырағы

2. Оқу – білім азығы.

Білім – ырыс қазығы.

3. Білім ортақ.

4. Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет

5. Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт.

6. Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп.

7. Өнер ағып жатқан бұлақ, білім жанып жатқан шырақ.

8. Кітап – алтын қазына

9. Күш білімде, білім кітапта

10. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнін жоқ.

11. Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы.

12. Кітап-ғылым – тілсіз мұғалім.

13. Кісінің көркі киім емес – білім.

14. Білім инемен құдық қазғандай.

15. Білегіне сенбе, біліміңе сен.

16. Ақыл тозбайтын тон, білім таусылмайтын көл.

17. Кітап – көзі жұмыққа арзан, көзі ашыққа маржан.

18. Кітап – көптің ұстазы.

19. Оқи берсең көзің ашылады, отыра берсең жалқаулық басынады.

20. Білегі күшті бірді жығар, білімі күшті мыңды жығар.

21. Білім таппай мақтанба, өнер таппай баптанба.

22. Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді.

Бесінші белес: «ИРБИС» мәліметтер қорынан іздестіру.

Бұл белесте қатысушылар электрондық каталогтен әділқазының тапсырмасын орындап өзіне қажетті ақпаратты тез табуы қажет.

Алтыншы белес «Кітапқа алғашқы көмек». Бұнда жыртылған кітапты тез арада түптеп шығу керек.

Ең соңғы белесте қалған қатысушылардан бірінші болып кітапты түптеп шыққан бала жеңімпаз атанады.

Бәсеке жеңімпазының анты:

Мең.№3 көпсалалы қазақ мектеп-гимназиясының 6-а сынып оқушысы _____ №3 кітапхана бөлімшесінде өткен «Кітапты сүйшілердің» бәсекесінің жеңімпазы ретінде кітапты оқуға, оны күтіп ұстауға және өмір-бақи кітаптың адал досы болып, оны сүйіп өтуге ант етемін!

Өскемен қаласы.